

Екі маусым
ұйымдастырылды
2-бет



Егжей-тегжейлі
түсіндірілді
3-бет



Новоберезовканың
тұлпарлары
6-бет



Арай

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 32 (7916)
Жұма,
5 тамыз 2016 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

ЖАҢАЛЫҚТАР

♦ ОБЛЫСТА

Өскеменнің жылумен қамту жүйесі жаңғыртылмақ

Бүгін облыс әкімі Даниал Ахметов және ЕҚДБ-ның Қазақстандағы директоры Джанет Хакман Өскемен қаласының жылумен қамту жүйесін жаңғырту жобасы бойынша алдын-ала келісімге қол қойды.

Алдын-ала бекітілген келісім аясында Өскемен қаласының жылумен қамту жүйесін жаңғырту бойынша жұмыстарды 5 млрд. теңгеге дейінгі көлемде қаржыландыру қарастырылған, соның ішінде Еуропалық Қайта құру және Даму банкінен 3 млрд. теңге бөлу көзделіп отыр.

Сонымен қатар, аталмыш жобаны қаржыландыруға Үкіметтің гранттық қаржылары мен жергілікті бюджеттің қаржысы кірістірілген. Несие тек ЕҚДБ тарапынан бөлінген қаржы бойынша ғана қайтарылатын болады.

Шығыс Қазақстанның облыс орталығының жылумен қамту жүйесін жаңғыртудың барысында жылумен қамту желілерін салу мен толық жөндеу, және осы мақсатта қолданылатын арнайы техника сатып алынбақ.

Инвестиция ОЖП және сорғыш станцияларда автоматтандырылған жүйелерді, ЖОЖП-те тұйық жүйелерді енгізу арқылы, құбырларды қалпына келтіріп, жылуды жоғалтуды азайтуға және энергияны қолдануда тиімділікті арттыруға бағытталады. Және де арнайы құрал-жабдықтар жаңартылып, жылу өлшеу құралдары орнатылмақ.

Жалпы, аталған жобаны іске асыру жылутасымалдаушы жүйелердің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жылумен қамту нысандарының жұмысын апатсыз орындауға және тұтынушыларға үздіксіз қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

- Біз алдағы тиімді жобаларды жүзеге асыруға дайынбыз. Банкпен бірлесіп істеген жұмыстардың нәтижесінде, бүгін де біз құны 28 млрд. теңгеден астам бірнеше келісімге қол қойдық. Жақын уақытта жаңа жобалар іске асырылады деген сенімдемін, - деді аймақ басшысы Даниал Ахметов ЕҚДБ-ның Қазақстандағы директоры Джанет Хакманмен кездесу барысында.

Айта кетсек, ЕҚДБ арқылы қаржыландырылады деп жоспарланған жобалардың жалпы құны 2016 жылдың соңына дейін 37,8 млрд. теңгені құрамақ.

ШҚО әкімінің баспасөз қызметі.

Тағайындау

Қазақстан Республикасының қаржы министрілігі мемлекеттік кірістер комитеті төрағаның м.а. Т. Жанғарашевтың 2016 жылғы 20 шілдедегі №621-ж бұйрығы бойынша **Амантай Шоқанұлы Толықбаев** ҚР Қаржы министрілігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы болып 2016 жылғы 21 шілдеден бастап тағайындалды.

■ Ресми бөлім

Аудандық әкімдік отырысы

Ағымдағы жылдың 28 шілдесінде аудан әкімі Ахметқали Нұрғожиннің төрағалық етуімен аудандық әкімдік отырысы өтті.

Оның жұмысы басталмас бұрын, аудан әкімі жиналғандарға Катонқарағай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы лауазымына тағайындалған Толықбаев Амантай Шоқанұлын таныстырды.

Күн тәртібінде қаралған негізгі мәселе - Катонқарағай ауданында шағын және орта бизнестің дамуы туралы кәсіпкерлік, өндіріс және туризм бөлімі басшысының м.а. Солтанов Марат Ерланұлы баяндады;

- «ҚР Мемлекеттік рәміздері туралы» ҚР заңының орындалу барысы туралы ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Сәдуаов Қайыржан Қабашұлы ақпарат берді;

- ауданның мал шаруашылығы саласының қазіргі жағдайы мен болашақтағы дамуы жайлы аудан әкімінің орынбасары Тыныбеков Жанболат Батталұлы ақпарат берді.

Негізгі мәселе бойынша баяндама жасаған М.Солтанов шағын және орта бизнестің дамуы, аталмыш саладағы кемшіліктер мен оның болашағы жайлы нақты баяндады.

Есептік кезеңде 2393 шағын және орта бизнес субъектілері тіркеуден өткен. Бұл салада 4908 адам еңбек етуде.

2015 жылы аудан бюджетіне 104,9 млн. теңге түсіп, 2014 жылдың осы деңгейімен салыстырғанда 144% пайызды құрады.

2016 жылдың бірінші жартыжылдығында өнеркәсіп өнімдерін өндірудің көлемі 11,4 % төмендеген. Бөлшек сауда айналымының көлемі 1,2 % артқан. Аудан аумағында 12 дәмхана, 4 мейрамхана, 9 ЖҚС, 252 сауда нүктелері, 3 рынок, 1 фармцех, бір бал өңдейтін цех, 2 автобекет жұмыс істейді.

Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында аудан экономикасына 631,8 млн. теңге инвестиция тартылды.

Аталмыш кезеңде кәсіпкерлердің меншікті қаржысы есебінен бизнестің 15 субъектісі ашылды, 18 жұмыс орны құрылды.

Туризм саласында 2 шипажай, 11 пантымен емдеу мекемелері, 5 қонақүй, 2 қонақтар қабылдайтын аула және 12 үй жұмыс істеуде. Мұнда 583 төсек-орын бар. Бұл салада 2500 адам жұмыс істейді. Туристер үшін ұлттық парк 9 бағыт ұсынып отыр.

Онан соң М.Солтанов жаңа туристік және сауықтандыру нысандарын қолданысқа енгізу бойынша жоспарлары, «Өмір» ШҚ-да асыл тұқымды ірі-қара малын өсіру бойынша жобаның жүзеге асырылу барысы, «Бизнестің жол картасы - 2020», «Даму-Көмек», «ПРООН» және т.б. бағдарламалар аясында жүзеге асырылып жатқан жұмыстар жайлы баяндады.

Аталмыш мәселені талқылау барысында аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин шағын және орта бизнес, туризм саласында инновациялық жобаларды қолданысқа енгізудің маңызы зор екендігін атап өтті.

- Бұл бағытта жұмыстар нашар жүргізілуде. Негізінен аталмыш

жобаларды кәсіпкерлердің өздері ұсынуда. Кәсіпкерлік, өндіріс және туризм бөлімі, ауылдық округтер әкімдерінің бұл тұрғыда ешқандай жетекшілік және бағыттаушы рөлі іс жүзінде жоқ. Жаңа тәсілдер қолдану жайында жекелеген оңды нәтижелер тұрғындар арасында насихатталмайды. Көпшілік жағдайда инновациялық жобалар мен ашылған жаңа субъектілер ұзақ уақыт бойы статистика басқармасына есеп бермейді. Бұл тиісті органдар тарапынан бақылаудың жоқтығын көрсетуде. Осының нәтижесінде аудан бюджетіне түсетін салық мөлшері де төмен,- деді аудан басшысы.

Онан соң, А.Нұрғожин тұрғындардан сүт жинау, сүт қабылдау бойынша қосымша пункттер ұйымдастыру жөнінде нақты тапсырмалар берді.

- Жоспарлардың барлығы орындалуы тиіс. «Самай» ШҚ-ның (басшысы – Зияда Мәлік) пайдалы тәжірибесін тарату қажет, оның сөзі мен ісі алшақ кетпейді, сүт қабылдау пункті ашылды. «Адал» ШҚ-дағы (басшысы – Н.Қараталов) тауарлы-сүт фермасының құрылысы да аяқталып, ашылуы тиіс,- деді аудан әкімі.

Онан соң, ауылшаруашылығында, оның ішінде, сүт өндіру шаруашылығында кооперативтер құру жайлы айтылды.

Ауданның мал шаруашылығы саласының дамуы жайлы аудан әкімінің орынбасары Жанболат Тыныбеков ақпарат берді.

Аудан әкімі А.Нұрғожин аталмыш мәселені талқылау барысында мал тұқымын асылдандыру жұмыстарының нашар жүргізіліп отырғандығы жайлы айтты.

- Мысалы, жылқы шаруашылығындағы асылдандыру жұмыстары өте нашар. Жылқы саны бойынша облыс көлемінде аудан екінші орында болса да, бұл бағытта асыл тұқымды мал шаруашылығы құрылмаған,- деді ол.

Мемлекеттік рәміздер жайлы қаралған мәселені талқылай отырып, аудан әкімі ҚР мемлекеттік рәміздерін қолдану, рәсімдеу жөнінде, таныстыру, насихат жұмыстарының нашар жүргізіліп отырғандығын атап өтті.

Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі тарапынан (басшысы – Қ.Сәдуаов) аудан аумағындағы мекемелерде мемлекеттік рәміздерге тиісті бақылаудың жоқтығын, олардың дер кезінде жаңартылмайтынын айтты.

- Мемлекеттік рәміздер – егеменді Қазақстанның негізгі белгілері. Олар қатаң түрде бекітілген ережеге сәйкес болуы тиіс. Оларды пайдалану «ҚР Мемлекеттік рәміздері туралы» Заңда жазылған. Оларды орындау – еліміздегі әрбір азаматтың міндеті,- деп сөзін қорытындылады аудан әкімі.

Күн тәртібінде қаралған барлық мәселелер бойынша ұсыныстар мен толықтыруларды, ескертулерді ескере отырып, аудандық әкімдіктің қаулылары қабылданды.

Жомарт Жақыпов.



Ауданда ауылшаруашылық құрылымдарының ауылдық округтер әкімдері мен ауылшаруашылығы саласының мамандары қатысқан «Егістік күні» өткізілді.

Семинар басталмас бұрын аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин бастаған семинарға қатысушылар Малонарым ауылындағы «Жас қанат» шаруа қожалығында болды. ШҚ басшысы Анатолий Матасов қонақтарды қырман аумағына шақырып, қоймаларды, алынған өнімді кептіретін және өңдейтін агрегаттарды, жаңа ауылшаруашылық техникасын, құрылысы аяқталып қалған дән сақтайтын қойма ғимаратын аралатып көрсетті. Мұндағы қоймаларға 4500 тонна дән сақтауға болады, ал жаңа қойма

«ЕГІСТІК КҮНІ» ӨТКІЗІЛДІ

1,5 мың тоннаға арналған А.Матасовтың шаруашылығы биылғы жылы жалпы құны

шаршы метр және биіктігі 7,5 метр болады. Қазіргі уақытта жұмысшылар оның



10 млн. теңгеге таяу қаржыны құрайтын бұл қойманың темірден жасалған қаңқасын сатып алды. Оның көлемі 45х15

еденін бетондап, іргетасын құюда.

(Басы. Соңы 2-бетте)



Өткен аптада ауандық әкімдіктің отырыс залында ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, «Нұр Отан» партиясы фракциясының, экономикалық реформа және аймақтық даму комитетінің мүшесі Павел Олегович Казанцевпен кездесу өтті.

Кездесуді аудан әкімінің орынбасары Ж.Тыныбеков ашты. Оған «Нұр Отан» партиясының мүшелері, бастауыш пар-

тия ұйымдарының төрағалары, мектеп директорлары, ауылдық округтер, экономика бөлімінің, орман шаруашылығының және басқа да салалардың өкілдері қатысты.

Жиналғандар алдында П.Казанцев Парламенттің партиялық фракциясының Республика экономикасының, туризмнің, жеңіл өнеркәсіптің, әлеуметтік саланың дамуы туралы және Парламентте алғашқы сессия кезеңінде атқарылған және алдағы уақытта атқарылатын

жұмыстар жайлы қысқаша айтып өтті.

Онан соң, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты кездесуге қатысушылардың сауалдарына жауап берді.

Кездесуді қорытындылаған аудан әкімінің орынбасары Ж.Тыныбеков П.Казанцевқа пайдалы кездесу өткізгені үшін ризашылығын білдіріп, қызметіне сәттіліктер тіледі.

Нурзада Исабаева.
Сурет автордікі.



«ЕГІСТІК КҮНІ» ӨТКІЗІЛДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

- Осыдан бірнеше жыл бұрын, күнбағыс өнімі қар астында қалғанда, біз оны Зыряндағы элеваторға тапсыру үшін дөңді кептіріп, көп әуре болған едік,- дейді Анатолий Петрович. – Осыдан кейін-ақ, біз жеке агрегат сатып алуға бекіндік. Қазірдің өзінде бізде қуаттылығы сағатына 18 тоннаны құрайтын дән кептіргіш жұмыс істейді. Сағатына қуаттылығы 30 тоннаға дейін дөңді екіқайтара өңдейтін механизм бар. Биылғы жылы, үлгерсек, сағатына 50 тоннаға дейін дөңді кептіретін агрегатты әкеліп, орнатуды ойластырып отырмыз.



Қуаттылығы жоғары агрегаттарды сатып алып, орнатқандығына, жаңадан салынып жатқан дән қоймаларына қарап, А.Матасовтың шаруашылығы қарқынды дамып келе жатқандығын байқадық. Аудан әкімі де қоймаларды жабдықтау тиімді екендігін атап өтті. Мысалы, Бородулиха ауданында әрбір ірі ауылшаруашылық құрылымдарында мұндай 3-4 қондырғы бар.

Мұнан соң, семинарға қатысушылар Қараөзек, Кормина яма телімдеріне барып, 600, 1500 және 200 гектарға егілген күнбағыс, бидай және қарақұмық алқаптарын көрді.

- Өнімнің сырт көрінісі қуантарлықтай,- дейді шаруа қожалығының басшысы. – Биылғы жылы жаңбыр өте көп, тіпті соңғы уақытта шамадан тыс жиі жауатын болды, шөп шабуға кедергі келтірді. Күнбағыс дөңдері толысқан, бірақ өте баяу пісуде. Дөңді дақылдарды, әсіресе, қарақұмықты алдымен орып, онан соң кептіріп алып, бастыру қажет. Егін орағына біз толық даяр-

мыз. Жанар-жағар маймен қамтамасыз етілдік, техника түгелдей дерлік жаңаланды. Енді тек өнімді дер кезінде, шығынсыз жинап алсақ болғаны.

Новополяковқа ауылдық округінің аумағындағы шаруа қожалықтарының басшылары толассыз жауған жаңбырға

наразылық білдіріп, «Қаражал» ШҚ басшысы Ерболат Омаров пен «Таулы Восток және К» ЖШС басшысы Дәулет Мамыр ауа-райының қолайсыздығынан егістіктегі күнбағыс пен бидай дөңдері әлі піспегендігін, осының салдарынан таулы жерлердегі егістік алқаптары қар жауғанға дейін жиналмай қалуы мүмкін деп, алаңдаушылық білдірді.

Аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин шаруа қожалықтарының басшыларына бірігіп, ауылшаруашылық кооперативтерін



құруды, өнімді жинау, кептіру және өңдеуге арналған техникаларды сатып алуды ұсынды. Сондай-ақ, ол ауылдықтарды қолдауға, сүтті және етті бағыттағы мал шаруашылығын дамытуға да кеңес берді, тиісті мемлекеттік бағдарламалар бойынша жаңа жұмыс орындарын құруды ұсынды.

Ауылшаруашылық тауар өндірушілермен әңгіме барысында несиелеу, жәрдемқаржы бөлу, лизингтік жүйе бойынша техника сатып алу, сүтті және етті бағыттағы мал шаруашылықтарын дамыту жайлы мәселелер талқыланды. Дикандар тәжірибелерімен бөлісіп, өз шаруашылықтарын алдағы уақытта дамыту жоспарларын құрды.


Семинарға қатысушылар «Қаражал» ШҚ-ның жаңа техникалары мен егістіктерін көрді. Аудан әкімі «Егістік күні» шарасын ұйымдастыруды ұсынған шаруаларды қолдады. Олар, ауылшаруашылық өндірісіндегі істері мен тәжірибелерін бөлісіп, өзара және ауданның атқарушы билігімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейтіндіктерін көрсетті.

Шамиль Багаутдинов.
Сурет автордікі.



■ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

Екі маусым ұйымдастырылды



ШҚО колледждері студенттерінің көпшілігі биылғы жазды естерінде ұзақ сақтайтын болады. Біз биылғы жазда еңбек және демалыс лагерінің иелері болдық. Біздің оқу мекемеміздің негізінде жазғы еңбек демалысына қатысушылардың екі мауысмы ұйымдастырылды.

Алғашқы маусымға 13 колледжден 34 студент қатысты, екінші маусымға – 8 колледжден 19 адам келді. Олар – Семей, Өскемен, Риддер, Зырян, Аягөз қалаларынан келген студенттер. Колледж қызметкерлері – біздер үшін мұндай шара алғаш рет ұйымдастырылып тұр. Лагерьге қатысушыларды біз үш топқа бөлдік, олардың басшылары тағайындалды. Жазғы демалыс

лагері штабының отырысында топтарға біз көпшілік спорт және мәдени-көпшілік сипаттағы шараларды ұсындық. Студенттер өз ұсыныстарын айтты. Олар өздерінің ұйымдастырушылық қабілеттерін, кештерді өткізе алатындықтарын көрсетті. әр күннің өз атауы болды: олар - Денсаулық күні, чемпиондар күні, Нептун күні, турист күні. Әсіресе, «Кел, танысайық» кеші өте маңызды, әрі қызықты болды. Бұл шара жастардың жан-жақтылығын көрсетті, олар тек ән салып, би билеп қана қоймайды, өздері өлең де жазатындықтарын, оқытындықтарын көрсетті. Олар акробатикалық пируэттер, сиқырлар

көрсетті. Егістікте еңбек етіп, шаршап келген студент қыздар мен жігіттер, жарты сағаттан соң-ақ, волейбол, баскетбол ойындарына кірісетін болды. Олардың сарқылмас күш-қуаты бізді де олармен бірге спортзалға, теңізге, би кештеріне баруға итермеледі. Біз күн сайын жазғы еңбек демалысы лагеріне қатысушылардың арасынан жаңа таланттарды ашып отырдық. Олардың барлығы әртүрлі болғанымен, бір отбасының мүшелеріндей тату болды.

Жазғы еңбек демалысындағы ең қызықты, есте қаларлық күндердің бірі – Берел қорғандарына барған Туристер күні болды. Біріншіден, бұл өте алыс жол. Екіншіден – біз «Нұр Бұлақта» болдық,

жерлес жазушы Оралхан Бөкейдің ауылында, оның Шығыстайдағы мұражай үйінде, Катонқарағайдағы Қаратай баба ескерткішінің жанында болдық. Үлкен Нарыннан таңғы сағат 7-де шығып, қорық-мұражайға сағат 11-лер шамасында жеттік. Бұқтырма жағалауында, әсем табиғат аясында тамақтанған соң, біз ашық аспан астындағы мұражай аумағын аралап көрдік. Бізді мұнда мұражай қызметкері Жания қарсы алды. Ол бізге мұражай құндылықтарын атақты жерлестеріміз – ҰОС батырлары, жазушылар мен ақындар жайлы мағлұматтар берді. Онан соң, мұражай ішін аралатып, қорғандардан алынған тарихи жәдігерлерді көрсетті.

Бұл үшін біз Жанияға зор ризашылығымызды білдіреміз. Жания бізге патшалардың қорғандарын, таяуда ғана ашылған жаңа қорғанды көрсетті. Жанияның әңгімесін тыңдаған біз, өзімізді сонау көне дәуірдің куәсі болғандай сезіндік. Біз тарихты оқулықтардан және тарихи кітаптардан ғана білеміз, ал мұнда еліміздің тарихынан, жерінен тіпті бүкіл адамзат тарихынан хабардар болдық.

Әлия
Арыстанғалиева,
аграрлық-техникалық
колледж оқытушысы.





Бүгінгі таңда біздің елімізде өткен жылдың 16 қарашасында қабылданған «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңды қолданысқа енгізу жұмыстары кеңінен қолға алынып отыр.

2017 жылы қолданыста болатын бұл маңызды құжаттың мән-мағынасын



халыққа кеңінен түсіндіру жолында штабтар құрылып, көпшілік арасында түсінік жұмыстары жүргізілуде. Жақында осындай іссапармен Катонқарағайға ШҚО бойынша медициналық қызметті қаржыландыру комитетінің бастығы Әлиев Болат Хайруллаұлы келіп, депутаттардың, БАҚ өкілдерінің қатыстырылуымен Катонқарағай ауданы ауданаралық ауруханасының және оған қарасты медициналық пункттердің, ауылдық дәрігерлік амбулаториялардың қызметкерлерімен әңгіме өткізді. Ол әңгіме барысында елімізде «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру

ЕГЖЕЙ – ТЕГЖЕЙЛІ ТҮСІНДІРІЛДІ

туралы» Заңның қабылдану мақсаты, оның қалай іске асырылатындығы жайлы түсінікті етіп, егжей-тегжейлі әңгімелеп берді. Ауылдық Мәдениет үйінің кең залында отырғандар лауазым иесінен облыста «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңды көпшілікке кеңінен жеткізу жөнінде штаб құрылып, оның бастығына облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар тағайындалғанын естіп білді.

- Ел Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында,- деді Болат Хайруллаұлы.- Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру ісінің өмірге енгізілгендігін біз ел тәжірибесінен жақсы білеміз. Өкінішке орай, ол әртүрлі себептермен өмірімізге кірікпеді, яғни, жүрмеді. Одан бүгінгі енгізілгені отырған медициналық сақтандырудың тәсілі бөлек. Сондықтан, одан ешқандай да шошынуға болмайды.

ҚР Денсаулық сақтау және даму министрлігі бүгінгі «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» ҚР-дағы Заңды Мемлекет басшысы айқындаған бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі «100 нақты қадам - Ұлт жоспарының» 80-қадамын іске асыру шеңберінде әзірледі. Заң жобасын дайындау барысында үздік халықаралық тәжірибе мен әлеуметтік қағидалар қолданылды. Осы маңызды құжатпен азаматтарға медициналық қызметтің екі түрлі пакеті ұсынылған:

- біріншісі - республикалық бюджеттен қаржыландырылатын медициналық көмектің мемлекеттік кепілденген көмегін ұсынатын базалық пакет. Ол Қазақстанның барша азаматтары үшін қолжетімді болмақ. Пакеттің құрамына жедел-жәрдем қызметі, санитарлық авиация, әлеуметтік маңыздағы ауруларға, сондай-ақ, шұғыл жағдайларда, профилактикалық екеп кезінде көрсетілетін медициналық көмектер кіреді.

- екіншісі - жаңадан құрылатын



медициналық сақтандыру Қоры ұсынатын сақтандыру пакеті. Оған амбулаториялық-емханалық көмек, стационарлық көмекті алмастыратын көмек, қалпына келтіру емдік шаралары, медициналық реабилитация және мейірбикелік қарау мен жоғары технологиялық көмек кіреді. Аталмыш пакетті алу құқығы әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушы ҚР азаматтарына, ҚР аумағында тұрақты өмір сүретін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға беріледі.

Сонымен бірге, мемлекет әлеуметтік жағдайлары төмен тұрғындар үшін жарна төлейтін болады. Жұмыс берушілер жалдамалы жұмысшылар үшін, қызметкерлер мен салық органдарында тіркелген өзін-өзі қамтыған азаматтар өздері үшін жарна төлейді.

Жоғарыда аталған пакеттерге қосымша, ерікті сақтандыруға қатысқан азаматтар медициналық қызметтерді жеке сақтандыру компанияларымен жасасқан келісім-шарт негізінде алады.

Ел өміріне енгізілгені отырған «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңмен жарна төлеуден азаматтардың 15 санаты балалар, ҰОС ардагерлері мен мүгедектері,

мүгедектер, жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтар, интернат мекемелерінде оқытылып, тәрбиеленіп жатқан тұлғалар, техникалық, кәсіптік орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру мекемелерінде күндізгі бөлімдерде, сонымен бірге резидентура формасындағы ЖОО кейін білім алып жатқан тұлғалар, бала тууға, бала асырап алуға, 3 жасқа дейінгі бала тәрбиелеп отырған жұмыссыздар, зейнеткерлер, әскери қызметкерлер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, ең төменгі қауіпсіздік мекемелерін есептемегенде, сот шешімімен ҚАЗ мекемелерінде айыбын өтеушілер босатылған.

Қорыта айтқанда, ҚР-ның бір де бір азаматы медициналық көмектен сырт қалмайды. Тек қана әркім ең алдымен өз денсаулығына бірінші өзі жауапты екендігін сезінуі тиіс.

Әңгіме соңында Б. Әлиев жиынға қатысушылардың қойған әртүрлі сұрақтарына толыққанды жауап қайтарды.

Жәнібек Қызыр.
Сурет автордікі.

ААСК ХАБАРЛАЙДЫ

ШҚО КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫ АҚСУ, КОРОБИХА АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІ ӘКІМДІГІНЕ КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 3 ТАМЫЗДАҒЫ № 19 ШЕШІМІ

ҚР аудандық маңызы бар қаланың, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізу қағидаларының 20-тармағына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, Катонқарағай аудандық аумақтық сайлау комиссиясы ШЕШТІ:

Ақсу ауылдық округі әкімдігіне кандидаттар ретінде тіркелді:

1. Байгереев Рақымғали Қалаубайұлы, 1959 жылы 8 қазанда туған, «Катонқарағай ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы, тұрғылықты мекен-жайы: Шығыс Қазақстан облысы,

Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Ауэзов көшесі, 11 үй;

2. Есімханов Қайрат Мұқтарқанұлы, 1966 жылы 29 тамызда туған, «Ақсу ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы, тұрғылықты мекен-жайы: Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Ақсу ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 25 үй 1 пәтер;

3. Кезембаев Алмас Сәбитұлы, 1976 жылы 10 желтоқсанда туған, «Катонқарағай ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы, тұрғылықты мекен-жайы: Шығыс Қазақстан облысы,

Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, 92 үй 2 пәтер.

Коробиха ауылдық округі әкімдігіне кандидаттар ретінде тіркелді:

1. Доржанов Досжан Мухаметқалиұлы, 1986 жылы 5 шілдеде туған, «ВИП Катон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, тұрғылықты мекен-жайы Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Барлық ауылы, Қабанбай көшесі, 29/2 үй;

2. Калиахметов Ерахмет Бидахметұлы, 1977 жылы 19 сәуірде туған, Катонқарағай ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің

бас маманы, тұрғылықты мекен-жайы Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Нарымный көшесі, 40 үй;

3. Тоқтағанов Аманжан Нұрқамзаұлы, 1974 жылы 18 қарашада туған, Катонқарағай ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы, тұрғылықты мекен-жайы Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Катонқарағай ауылы, Молдағұлова көшесі, 11/2 үй.

М.Тлеубаев, ААСК төрағасы.
Т.Тлеудинова, ААСК хатшысы.

ЖОБА

Көшпелі сауданы жүзеге асыруға арналған орындарды анықтау туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына, «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 8, 27-баптарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда қағидаларының 102-тармағына сәйкес, Катонқарағай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес, көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындар анықталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А. Нұрғожин, аудан әкімі.

Катонқарағай ауданы әкімдігінің қаулысына қосымша

Көшпелі сауданы жүзеге асыруға арналған орындар

№ п/с	Әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы	Орналасқан орны
1	Үлкен Нарын ауылдық округі	Үлкен Нарын ауылы, Тумашинов көшесі, «Гүлжан» және «Дидар» дүкендерінің арасы
2	Жамбыл ауылдық округі	Жамбыл ауылы, Қайнар көшесі, спорт алаңының жаны
3	Өрел ауылдық округі	Өрел ауылы, Қабанбай көшесі №33; Аршаты ауылы, Күншығыс көшесі №25; Еңбек ауылы, Таңба көшесі №18
4	Солоновка ауылдық округі	Солоновка ауылы, Советская көшесі, «Ляйля» дүкенінің қарама-қарсы; Малонарым ауылы, Советская көшесі, Мәдениет үйіне қарама-қарсы
5	Катонқарағай ауылдық округі	Катонқарағай ауылы, орталық базардың оңтүстік жағы Топорков көшесінде
6	Солдатово ауылдық округі	Солдатово ауылы, Астана көшесі, «Калинин» ЖШС-нің аумағы
7	Алтынбел ауылдық округі	Алтынбел ауылы, Тәуелсіздік көшесі, «Гүлшат» және «Нұржау» дүкендерінің арасы
8	Коробиха ауылдық округі	Коробиха ауылы, Заречная көшесі, «Анастасия» дүкенінің жанында; Барлық ауылы, Абай көшесі, Мемлекеттік ұлттық табиғи парк ғимаратының жанында; Үшбұлақ ауылы, ауылдық клуб ғимаратының жанында
9	Белқарағай ауылдық округі	Белқарағай ауылы, Жүнісов көшесі, «Алмагүл» дүкенінің жанында; Топқайың ауылы, «Алтынай» дүкенінің жанында
10	Аққайнар ауылдық округі	Аққайнар ауылы, Абай көшесі, Мәдениет үйінің жанында; Аққайнар ауылы, Топорков көшесі №46, «Шұғыла» дүкенінің жанында; Қызыл-Жұлдыз ауылы, Абай көшесі №8/1, пошта бөлімшесінің жанында; Қайыңды ауылы, Молдағұлова көшесі №2, ауылдық клуб ғимаратының жанында; Ақмарал ауылы, Маралды көшесі №15, ауылдық клубы ғимаратының жанында
11	Новополяковка ауылдық округі	Новополяковка ауылы, Абай көшесі, мектептің жанында; Сенное ауылы, Тәуелсіздік көшесі, мектептің жанында
12	Ново-Хайрузовка ауылдық округі	Ново-Хайрузовка ауылы, Ленина көшесі, «Анара» және «Алмаз» дүкендерінің арасында
13	Ақсу ауылдық округі	Ақсу ауылы, Абая көшесі, көпірдің жанында

Автокөлік саласының ардагері

Θ₃ тілшіміз.



КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНДЫҚ СОТЫНДА СЕМИНАР ӨТКІЗІЛДІ



Катонқарағай аудандық сотында сот қызметкерлері арасында 01 тамызында кеңсе меңгерушісі Э.К. Жансултанова «Сот актілерін уақытында орындауға және атқару парақтарын тараптарға немесе сот орындаушыларына жолдау» тақырыбында семинар өткізді.

Семинар барысында бас маман Т.А.Сивицкая «Атқару органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі» мен «Төрелік» ақпараттық жүйесі арқылы өзара ақпараттық әрекет жасауда, осы арқылы соттардан атқару парақтарын электронды түрде жолдануда

Сонымен қатар, негізгі түсініктемелері мен терминдерді, сот актілерін орындауға жіберу тәртібі туралы, жоба жасау, үйлестіру және қол қоюды түсіндірді.

Семинардың қорытындысы бойынша, атқару құжаттарын дайындау мәселесі бойынша басқада сұрақтар талқыланды.

МЕДИАЦИЯ – ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ ҚҰРАЛЫ

Катонқарағай аудандық сотында ҚР «Медиация» заңы, медиация тәртібін ст төрелігінде қолдану атты дөңгелек үстел өткізілді, аталған іс шараға Катонқарағай ауданының прокуроры Т.Е. Даулетканов, ІІБ-нің қызметкері К.К. Абеннов және адвокат Кусманов А.А., Б.К. Кусаинова қатысты.

Іс шара барысында Катонқарағай аудандық сотының төрағасының м.а. К.М.Садуақасова «Медиация келісімін сот ісін жүргізуде қолдану, медиатор және оның атқаратын ролі» атты баяндама жасады.

Сонымен қатар дөңгелек үстелде қоғамдағы қарама-қайшылықтарды жою, соттарда жүктемені азайту және құқықтық дауларды (шиеленістерді) татуластыру рәсімдерін және дауды шешудің балама түрлерін кеңінен қолдану қажеттілігі туралы атап өтті.

Дөңгелек үстелдің қортындысы бойынша қатысушылар өңірде медиацияны одан әрі дамыту бойын-



ша ұсынымдармен алмасты..

ЕКІ ӘКІМШІЛІК

ІС МЕДИАЦИЯ ТӘРТІБІМЕН ҚЫСҚАРТЫЛДЫ

ШҚО Катонқарағай аудандық сотымен ҚР ӨҚБҚ 73 б. 1 б. бойынша 2 әкімшілік іс қаралды, оның әрекеттері отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіп, былапыт сөйлеп, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғынжайда жасалған деп көзделген.

Сотта істі қарау кезінде, кәсіби емес медиатор қатыстыру арқылы дауларды реттеудің балама технологиясы ретінде үш іске медиация қолданылды, кәсіби емес медиатор тартылып, нәтижесінде әкесімен баласы татуласып, арадағы дауды реттеу туралы келісім бекіту жайлы арыз берді.

Сот қаулысымен әкімшілік істер өндірісі тараптар бітімгершілікке келуіне және медиативтік келісімге келуіне байланысты қысқартылды. Осыған байланысты ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73 бабы 1 тармағына сәйкес әкімшілік жауапкершіліктен босатылды.

ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Катонқарағай аудандық сотында сотында «Сот істерін мемлекеттік тілде қараудың өзекті мәселелері» атты тақырыпта дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге ІІБ-нің қызметкері К.К. Абеннов, Ж. Смагулова, адвокаттар алқасы өкілдері Б.Кусаинова, Үлкен Нарын ауылдық округ әкімдігінің бас маманы Т. Айдарбаева, Катонқарағай ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жетекшісі маманы А.Нурсейитовтың қатысуымен өтті.

ҚР «Медиация» заңы, медиация тәртібін ст төрелігінде қолдану атты дөңгелек үстел өткізілді, аталған іс шараға Катонқарағай ауданының прокуроры Т.Е. Даулетканов, және

адвокат Кусманов А.А., Б.К. Кусаинова қатысты.

Дөңгелек үстелді ашқан Катонқарағай аудандық сотының төрағасының м.а. К.М.Садуақасова болып жатқан шараның еліміз үшін үлкен маңыздылығын атап өтіп, Қазақстанды Отаным деп санайтын әрбір азамат мемлекеттік тілге зор құрметпен қарау керектігіне тоқталды.

Қатысушылар сот өндірісіне қабылданатын істердің саны мемлекеттік тілде жылдан-жылға көбеюі заңды құбылыс, сондықтан да қазақ тілінде толтырылатын құжаттардың сапасын арттыру қажеттігіне баса назар аударды.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

29 шілде айында Катонқарағай аудандық сотында «Ашық есік күні» өтті, оның басты мақсаты азаматтармен сұрақ-жауап үлгісінде тілдесу.

Сұрақтардың дені «Сот кабинеті» арқылы өтініш беру тәртібінің жаңа технологиялардың енгізілуі қағидасы тақырыпта болды.

Катонқарағай аудандық сотының баспасөз қызметі.

ФЕМИДА БЮРОСЫ

МЕДИАЦИЯ – ЕЖЕЛГІ БИЛЕР БИЛІГІНІҢ ЖАЛҒАСЫ

Ұлы қазақ даласының билігінің белгілі дара тұлғалары – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер бастаған дана билердің ел арасындағы кез келген дауды бітімгершілік жолмен шешіп, халқымыздың бірлігін, ауызбіршілігін, тұтастығын сақтауға үлкен назар аударған.

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында Медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу. Медиатор - «Медиация туралы» Заңның талаптарына сәйкес кәсіби және кәсіби емес негізде медиация жүргізу үшін тараптар тартқан тәуелсіз жеке тұлға.

«Медиация туралы» заңымыздың аты бөлек болғанымен қазақ халқы үшін жат дүние емес. Халқымыздың дарабоз билерінің дәстүрлі билік жүргізу тәсілінің заңды жалғасы екендігін түсінгеніміз жөн.

Катонқарағай ауданының №2 аудандық сотында 2016 жылдың 7 айында барлығы 43 іс медиация тәртібімен аяқталған.



М е д и - я ц и я н ы н а с и х а т - тау мақсатында соттың судьялары және қызметкерлерімен дөңгелек үстел, семинар, халықпен кездесулер өткізіліп отыр. 02 тамыз 2016 жылы сотта «Кәсіби емес медиаторларды қолдау» тақырыбымен дөңгелек үстел өткізіліп, аталған шараға ауылдық округтің кәсіби емес медиаторлары, мемлекеттік мекемелер қызметкерлері қатысқан.

Кәсіби емес медиаторлар өз тараптарынан қазіргі кезде кабинетпен қамтамасыз етілгені үшін сот төрағасына алғысын айтып, осы бағытта медиация институтын түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Дөңгелек үстелге қатысушылар өзекті мәселелерді талқылап, қорытындылар жасап, шараның маңыздылығын атап өтті.

А.Әли,
Катонқарағай №2 аудандық
сотының төрағасы.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ТУРАЛЫ

«Сыбайлас жемқорлық» дегеніміз не, осы құбылыстың қоғам үшін келтіретін салдарын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңының мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүлкіндіктерін пайдалана отырып не мүлктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе біреу арқылы заңда көзделмеген мүлктік игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғамыз.

Сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмысты анықтау, ашу, жібермеу және алдын алу мақсатында жедел-ізвестіру және басқа қызмет, сондай-ақ заң белгілеген тәртіпте заңға қайшы табылған мүлкті заңдастыруға жол бермеу мақсатында қаржы бақылауының арнайы шараларын қолдану алдын ала тергеу қылмыстық іс қозғаған ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік немесе қаржы полициясы органымен жасалады.

Заңға сәйкес мемлекеттік міндеттер орындауға өкілетті адамдар немесе соларға теңелген адамдар заңсыз байыған барлық жағдайда, сыбайлас-жемқорлық құқық бұзушылық нәтижесінде алынған мүлік қайтарылуға жатады, ал заңсыз пайдаланған қызмет көрсету құны - мемлекет кірісіне қайтарылады.

Сот шешім шығарғанға дейін өкілетті органдар құқық бұзушыға жататын мүлкті тәркілей тұрады. Егер мемлекеттік міндет атқарған адам немесе соған теңелген адам жұмыстан босатылғаннан кейін бұл талапты орындаудан бас тартса лауазым иесі немесе мұндай босату туралы шешім қабылдаған орган кінәлі адамның мекен-жайы бойынша заңсыз алынған кіріс туралы хабарды салық органына жібереді.

А.Мұқамәдиева,
Катонқарағай №2 аудандық сотының
сот мәжілісі хатшысы.

СОТ АКТІСІ ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ

Сот актісі - бұл құқықтық қолдану актісі. Мұнда құқық туралы дау немесе өзге даулы мәселені шешу үшін іс жүргізуде сотпен материалдық және процесуалдық құқық нормаларын қолданғанның аяқталғаны және қорытындысы көрінеді. Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды. Сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады. Соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады.

Заңды күшіне енген сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісі мен атқару құжатын орындамау, сондай-ақ олардың орындалуына кедергі келтіру заңда көзделген жауаптылыққа әкеп соғады. Сот орындаушылары атқару құжаттарын алған кезде сот актілерін орындауды қамтамасыз етуге бағытталған заңда

көзделген шараларды қабылдайды. Борышкер сот актісінің уақытында орындалуына кедергі келтіретін әрекеттер (сот орындаушысына келуден жалтару, жұмыс орны мен тұратын жерінің өзгергені туралы хабарламау, сот орындаушысының талаптарын орындамау, сот орындаушысының заңды қызметіне кедергі келтіру және т.б.) жасаған жағдайда атқарушылық іс жүргізу органдары кінәлі адамдарды жауапқа тарту жөніндегі мәселені шешеді, ал борышкер сот актілерін және атқарушы құжаттарды орындаудан бас тартқан жағдайда, өндіріп алушы тиісті органдардың алдына кінәлі адамдарды әкімшілік және қылмыстық жауапқа тарту жөнінде мәселе қоюға құқылы. Мисалға ағымдағы жылдың жеті айында Катонқарағай ауданының № 2 аудандық сотымен сот шешімін орындамағаны үшін 8 адам әкімшілік жауапқа тартылып, жазаларын алды.

Іс жүргізушілік мәні, міндеттілігі және өзге маңызды құқықтық белгілері бойынша сот актілері бір-бірінен ерекшеленбейді, яғни іс жүргізушілік нысандарына қарамастан, олардың барлығының орындалуы міндетті болып табылады.

Ж.Труханова,
Катонқарағай № 2 аудандық сотының
кеңсе меңгерушісі.

СОТ ӘДЕБІ БӘРІНЕН БИІК ТҰРУЫ КЕРЕК

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері жүргізіліп отырған сот-құқықтық реформалар нәтижесі қазіргі уақытта жемісін берді деп айтуға толық негіз бар. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Елге бай құт емес, би құт» деген бабалардың қанатты сөздерінің бүгінгі билерге де берер тәрбиелік мәні мен тағылымы жетерлік. Қазақстанда сот төрелігін тек сот ғана жүзеге асырады. Судья сот төрелігін жүзеге асырған кезде тәуелсіз және Конституция мен Заңға ғана бағынады. Адамдардың әділ сот төрелігіне деген сенімі жылдан жылға артып келеді. Әрбір өз құқығы бұзылды деп ойлаған адам сотқа жүгінугі, мемлекеттің сот саласындағы саясатының оң нәтижесі деп түсіну қажет. Ал қоғам дамуы алға ілгерілеген сайын судьяның бейнесіне деген талаптың жоғарылауы бұл заман талабы. Сонымен қатар, судьяның доғарысқа немесе

зейнет жасына келуіне байланысты, оларды әлеуметтік қорғау бұл сот жүйесіне және бүгінгі күн билеріне деген үлкен құрмет және жанашырлық деп түсіну қажет. Би болмысы, оның адамгершілігі, моральдық-этикалық болмысы бәрінен жоғары тұруы қажет. Елбасымыз қол қойған «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық заңының негізгі мақсаты елде сот-құқықтық реформаны одан әрі жетілдіру, судьяларға қойылатын талаптарды қатайту болып табылады. Судьялардың кезектен тыс VII съезінде қабылданатын «Судьялар тәртібінің қағидалары мен ережелерінің этикалық кодексі» соның айғағы іспеттес.

Г. Кудербаева,
Катонқарағай № 2 аудандық
сотының судьясы.

(Жалғасы. Басы газеттің өткен санында).

Ұжымшардағы жылқы шаруашылығын спорттық бағытта әрі қарай дамыту мақсатында қостанайлық тұқымға жататын қос айғыр сатып алынды. Екеуі де жергілікті үйірге қосылды.

Бұл үйірлердің ішінен жер тарпыған адуынды хас жүйріктер шығару міндеті тұр еді. Тәжірибелі атбегілерге тапсырылған жануарлар алғашқы жарыстарға қатыстыру үшін үздіксіз жаратыла бастады. Нәтижесінде, сексенінші жылдардың ортасында Ленин атындағы ұжымшар республикалық, облыстық және аудандық бәйгелерде түрлі қашықтықтарды бірінші болып бағындырған Сайжирен, Тайжирен, Еркінжирен, Жетімжирен, Биікжирен, Ақбақай сияқты көптеген жүйріктер тобын даярлады. Бір қызығы, бұл жүйріктердің барлығы да қостанайлық тұқымға тиесілі жирен түсті еді. Оны ұжымшар төрағасының тұлпарларға қойған атауы да айқындап тұр.

Осы тамаша жирендердің ішіндегі ерен жүйрігі — сөз жоқ, 1981 жылы күзде жергілікті шопан Сейтұқаш Қабдығалиевтің қостанайлық айғырмен будандасқан биесінен туған Тайжирен. Ұжымшар төрағасының қырағы көзі Новоберезовка көшелерімен балалар шауып жүрген тайды бірден байқайды. Білгір, көнігі атбегіге тайдың көрер көзге байқала бермейтін жеңіл, күш жұмсаусыз шабатыны, шабысқа туа бітті төселгені қатты әсер етеді.

Көп ұзамай ұжымшардың ат қорасында жасы мен түсіне байланысты «Тайжирен» деген атау берілген жылқыны келешектегі жарыстарға жоспарлы түрде даярлай бастады. Бала күнінде аламанда үздік шабандоз болған ұжымшардың веттехнигі Бердібек (Бакон) Қалиев бапкері болып, жаратумен айналысты. Сол сәтте келесі көктем шыға салысымен Тайжиреннің Қазақстандағы аламан бәйгенің чемпионы атағын бағындыратынын ешкім білмеген еді.

1985 жылы наурыз айында Б.Кітапбаевқа Алматы ипподромының директоры Халел Гатаулович Измайлов қоңырау шалып, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығына арналған республикалық ат жарысына қатысуға шақырды. Астанадағы он алты шақырымдық аламанға Ленин ұжымшары атынан әлі бірде-бір беделді бәйгеге қатысып үлгермеген Тайжиренді қосу жөнінде шешім қабылданды. Тайжиреннің әзірлік деңгейін білу үшін ұжымшар төрағасы оны көрші жатқан Катонқарағай ауданына алып барды. Облыстық және аудандық орта қашықтықтағы бәйгелерде топ жарып жүрген торы тұлпарды баптаған «Алтай» кеңшарының танымал атбегі Көмекбай Мұхамжаров Тайжиренді сынақтан өткізуге келіседі. Көмекбайдың жүйрік торысымен өткен жеңіл

спарринг-жарыс ең беделді бәйгеде Тайжиреннің сәтті өнер көрсететініне Б.Кітапбаевтың сенімін біржола бекіткендей болды.

1985 жылдың 9 мамыры күні Алматының республикалық ат-шабарында Үлкен Нарын ауданының Ленин атындағы ұжымшарының туы астында отыз жыл бойы өнер көрсеткен сәйгүліктердің бірнеше буынының ішіндегі ең үздіктерінің бірі болған Тайжиреннің жұлдызы туды. Бұл барлық қашықтықта негізгі топта доз Бақытжан Қалиевтің де жұлдызды сағаты еді. Тайжиреннің ұзақ әрі екпінді үдеме шабысы соңғы айналымда қарсыластарына еш мүмкіндік қалдырмады. Үлкеннарындық сәйгүлік көмбе сызығын нық қадаммен қиып өтті. Айта кетелік, осыдан кейін-ақ аламан додаданың басым бөлігінде негізгі топпен бірге шауып, қарсыластарын соңғы бірнеше қашықтықта басып озу Тайжиреннің өзіндік қайталанбас шабысына айналды. Оның бойы биік емес, тыныш және көңбіс мінезді еді. Тізгінге бағынымды әрі шабандозға ешқандай қиындық тудырмайтын.

Үш айдан кейін Тайжирен облыстық спартакиадада аламан бәйгені ұтты. Одан кейінгі екі жылда да, 1986-1987 жылдардағы облыстық ат спорты жарыстарында ең ұзақ қашықтықтағы бәйгелер Тайжиреннің жеңісімен аяқталды. Бұл жылдары Тайжирен аудандық деңгейдегі жарыстарға тұрақты түрде қатысты. Көптеген жергілікті бәйге әуесқойлары оның қарқынды шабысын өз көздерімен көргісі келетін. Сонымен бірге жүйрікқұмарлығы мен ерік-жігері тасыған ұжымшар төрағасы, тегі, аргымақтың да күш-қуаты сарқылмайтынына риясыз сенді. Тайжирен Үлкен Нарын мен көрші Катонқарағай ауданындағы жарыстарды бос жіберген жоқ. Және өзінің жанкүйерлерін ешқашан жерге қаратқан емес.

Бірде 1986 жылдың жазында Үлкен Нарындағы




Тайжирен

болған шабан-

Қалиевтің де жұлдызды сағаты

Консерваторияда сыбызғыны үйреткен колхозшы (сыбызғышы Оспанғали Қожаберген туралы)



Оспанғали Қожабергенов

Өмір жолы баяндалғалы отырған азамат жанұясымен саналы өмірін Чернова (қазіргі Ақжайнар) ауылында өткізген. Ол кісіні көзі тірі ақсақалдар, орта буын азаматтар білмесе, жастар мүлде білмейді десе артық болмайды. Қазақ халқының тарихында ауыз әдебиеті мен ұштасып жатқан күй мұралары белгілі бір орындаушылар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отыратыны белгілі. Композитор, академик Ахмет Жұбановтың араласуымен сыбызғышы Оспанғали Қожабергеновтің күй мұралары көздің қарашығындай сақталып, кейінгі ұрпаққа жетіп, қайта жаңғырды. 1959-1960 жылдары Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясында профессор Ахмет Жұбановтың ұйымдастыруымен өлкемізден Оспанғали Қожабергенов шақырылып, тұңғыш рет сыбызғы класы ашылды. Бұл сыбызғы класының негізін қалаушы Оспанғали ағамыз. А. Жұбанов өзінің «Ғасырлыр пернесі» атты аса құнды еңбегінде Оспанғали Қожабергенов туралы: «Қазіргі кезде Алматының Құрманғазы атындағы консерваториясында сыбызғы класы ашылды. Бұл класты Оспанғали Қожабергенов басқарды. Ол Шығыс Қазақстан облысы,

Катонқарағай ауданына қарасты «Ынтымақ» колхозынан келген» деп жазады.

Оспанғали 1906 жылы Шығыс Қазақстан облысы Жұлдыз ауылының Теректі деген жерінде дүниеге келген. Жастайынан мал бағып қара жұмыс істеген. Буыны қатпаған бала отбасының тіршілігіне ерте араласқан. Әкесі Қожаберген 1925 жылы Шыңғыстай ауылына көшіп барған. Отбасын асырау үшін қарағайдың то-марын өртеп, көмірін колхозға өткізіп отырған. Ел аузындағы әңгімелер бойынша құралайды көзге атқан мерген екен. Ал баласы Оспанғали «аңның киесі атады» деп, мылтықпен аң аулауға әуестенбеген. Аңды көбінде тұзақ, қақпан құрып



Оспанғали Қожабергенов шәкірттеріне дәріс беруде

ұстаған. Олжасын ауыл — аймақтың көрші — қолаң, жетім — жесірлерімен бөлісіп отырған.

Ел басына күн туған сұрапыл соғысқа Қожабергеновтардың бес ағайыны аттанған. Оспанғали бабамыз 1941 жылдың 20 тамызынан 1945 жылдың 10 қыркүйегіне дейін әскери міндетін атқарып, еліне қайтқан. Соғыстан соң Чернова (қазіргі Ақжайнар) ауылында мал бағу кәсібін жалғастырған. Сыбызғыны өз қолымен құрайдан жасап, онымен әуен ойнай отырып, үнін келтірген. Домбыра жасаған. Оқимаса да табиғи дарынымен халық арасында айтылып жүрген аңыздардың, әңгімелердің желісін күй арқылы, әсіресе

сыбызғы арқылы әуенге салған. Қазақ елінің басқа аймақтарына қарағанда Алтай табиғатының ерекшелігінің әсері ме, өмір бойы малын жайған, табиғатпен етене аралас малшылар бастапқысында ермек үшін құрайдан үрлемелі аспап-сыбызғыны жасаған.

Алтайда, Сібірде сыбызғы жасауға өте қолайлы құрайлар өседі. Осы жерді, Сібірді ме-кенденген орыс халқында да құрайдан жасалған «свирель», «дуда» деген сыбызғыға ұқсас үрлемелі музыка аспаптары болған.

Оспанғали атаның домбы-расының дыбысы сыңғырлаған, үні кетпеген, әлі сол қалпында Үлкен Нарын ауылындағы аудандық тарихи-өлкетану

мұражайында сақтаулы. Соны-мен қатар қазақ радиосының «Ал-тын қорында» жиналған 111 мың фономатериалды жинауға тер төккен. Ерен еңбектің иесі Қазақстанның көптеген мәдениет қайраткерлерін тәрбиелеген. Нұра хмет Жорабекұлы 2014 жылдың қазанында ұстазының сыбызғысы негізінде жасалған жеті тесікті сыбызғысын тарихи-өлкетану мұражайына тапсыра отырып, ұстазы жайлы мынадай хат жолдайды.

Хат

Марқұм Оспанғали Қожабер-генов аға мені бірінші сыбызғы аспабына үйреткен ұстазым еді.

1959 жылы мен консер-ваторияның 3 курсына оқып жүрген кезім. Академик Ахмет Жұбанов оншақты студенттерді концерттік сахнаға жинап, Осекеңмен таныстырып, «Ал-тын іздесең табылмайды, сол сияқты сыбызғы ойнайтын адам-ды іздесең де табылмайды, бұл кісінің жасы 86 да, осы кісіден сыбызғы ойнауды үйренңдер. Сыбызғыны дамыту, қатарға қосу сендердің міндеттерің» деп, тапсырып кетіп еді. Осекең



Оспанғалидың шәкірті Нұрахмет Жорабеков пен күйеу баласы Мұхтархан Абаған

керемет адамгершілігі мол, әрі ұстаз, әрі әкеміз сияқты болды. Осекеңнің сыбызғысы үш тесікті еді. «Жорға аю», «Аққабаның толқыны», т.б. сыбызғы күйлерін үйретті. Осекең көрі адам ғой, денсаулығы болмай үш-төрт айдан кейін ауылына қайтты. Студенттердің ішінде мен ғана сыбызғыны үйреніп қалдым. Осекеңнің сыбызғысы үш тесікті болғандықтан сыбызғы күйлерін ойнауға ғана келеді. Сыбызғыға тесіктер қосып, ре-мажор, минор гаммаларын шығардым. Сөйтіп менің сыбызғым жеті тесікті болып шықты. Сөйтіп мен жеті тесікті сыбызғыға көптеген қазақтың халық әндерін, қазіргі композиторлардың шығармаларын түсіріп, сыбызғының деңгейін көтердім.

Ахаң оны көргеннен кейін «Алғашқы қадамың жаман емес екен. Осы жаңа жетістігіңді қағазға түсір. НСО-да доклад жаса, Латиф Хамиди жетекші болады, ал мен кеңесші боламын» деді. Сөйтіп, мен бірінші Оспанғали Қожабергенов ағамыздың еңбегін Ла-

тиф Хамиди мен Ахмет Жұбановтың көмегі арқасында консерваторияның ұстаздары мен профессорларының алдында докладымды жа-сап, әрі сыбызғыға түсірген шығармаларымды ойнап көрсеттім. Барлығы бір ауыз-дан «жақсы» деп баға беріп қолдады.

Содан кейін сыбызғыны ары қарай студенттерге үйрет деп мені жарты ставкаға ұстаз қылып орналастырды.

Бәрі жақсы болып келе жатыр еді, заман өзгеріп, Қонаевтың орнына Юсупов келді де, кон-серватория ұйғыр консерва-ториясы болып кетті. Ахмет Жұбанов академияға ауысып кетті. Сөйтіп, мен 1962 жылы бәрін тастап, Қазақ радиосының үлкен музыкалық редакциясына редакторлық жұмысқа ауысып кеттім.

Кейін Ғазиза Ахметқызы Жұбанова консерваторияға ректор болғанда мені жарты ставкаға алып сыбызғы класын ашқызыды.

Нұрғиса Тілендиев ағамыз сыбызғыны «Отырар сазы-на үйреткізді. Қазір менің біраз шәкірттерім бар. Олар: Абай Әбіш, Ай-бол Құдайбергенов, Талғат Мұқашов, Гауһар Смағұлова, т.б. сыбызғыны ары қарай дамытуда.

Қазір Оспанғали Қожабергенов ағамызға Катонқарағай ауданы орталығында музей ашылып жа-тыр екен. Оған мен өте қуаныштымын. Осекеңнің туған күйеу баласы Мұхтархан Абаған маған үйге келіп танысты.

Мен Мұхтархан мырзадан Осекеңнің музейіне өз атасынан ескерткіш ретінде керемет сыбызғымды беріп отырмын.

Осекеңнің топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

Алматы қаласы.
Жорабеков Нұрахмет
31 қазан 2014 жыл.
(Жалғасы бар).



Оспанғали Қожабергеновтың аудандық музейдегі домбырасы мен сыбызғысы

Қоғамның өзекті мәселесі



Кез келген қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті іштен ірітудің бастамасы және жетістіктерді жоққа шығарып, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер туғызады. Өткенімізге көз салсақ, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, Қазақстан әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын тандап, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Жемқорлық-жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сөтінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып табылады», - деген болатын. Шынында сыбайлас жемқорлық Қазақстанның барлық табыстарына қол жеткізуге мүмкіндік туғызған мемлекетіміздің негізгі құндылығы – Тәуелсіздікке қауіп төндіреді. Бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыру мақсатында Елбасы 2015 - 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны бекітті. Елбасы ұсынған стратегияны басшылыққа ала отырып, «Берел орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы жасалған жоспарға сәйкес 2015-2016 оқу жылында бірқатар жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, 6 сыныпта «Сыбайлас жемқорлық дегеніміз не?» тақырыбында және 10-сыныпта «Жемқорлық – індет, жою - міндет» тақырыбында сынып сағаттары

өткізілді. Оқушылар осы сабақтарда жемқорлық, сыбайластық туралы түсінік алып, өз ойларын ортаға салды. 8-11 сыныптар аралығында «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында шығармалар байқауы өтті. Байқау қорытындысы бойынша 10 сынып оқушысы Айтпаева Алтынайдың шығармасы үздік деп танылып, алғыс хатпен марапатталды. 5 сынып оқушылары мен ата-аналары арасында оқушылардың «Ұлан» газетіндегі «Парақор қайдан шықты?» мақаласы бойынша пікірталас ұйымдастырылды. 11 сынып ата-аналары мен ҰБТ-ға қатысушы оқушыларға өз білімі мен еңбегіне сенуі керектігі айтылып, пікірлері тыңдалды. Осы сыныпта сынып жетекшісі Дидрахметов С. «Сыбайлас жемқорлық неге апарады?» тақырыбында пікірталас өткізді. Оқушылар өз ойларын ашық, сеніммен айта білді.

Мектеп дәлізіне «Жемқорлық – індет, жою - міндет» стенді жасалып, ілінді. Мұғалімдермен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – қоғамның өзекті мәселесі» атты дөңгелек үстел өткізіліп, осы тақырыпта жасалған баяндама бойынша мұғалімдер өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдірді.

Мектеп ұжымы Елбасымыздың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында қабылданған міндеттерді орындауға өз үлестерін қосып отыр. Болашақта еліміздің алға нық сеніммен қадам басуына осы стратегияда белгіленген шаралардың орындалуы басты назарда ұсталуда.

А. Құсманова,
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі жария етудің орны

ҚР Мемлекеттік қызмет істері Министрлігінің ШҚО бойынша Департаментімен ұйымдастырған «Азаматтық бақылау» атты мемлекеттік әлеуметтік жобасы аясында «Мүлікті жария ету - сыбайлас жемқорлықтың алдын-алуға маңызды құралдардың бірі» тақырыбында, ШҚО бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің өндірістік емес төлемдер бөлімінің басшысы Сейлханова Роза Шакировна баяндама жасады.

Конференция барысында, Роза Шакировна, жария ету туралы, оны өткізудің мақсаттары мен себептері, жария етуді жүргізу тәртібі, пайдасы мен тиімділігі, мүлік пен капиталды заңдастырудың қарапайым тәсілдері, жария ету субъектілеріне кепілдіктер мен салықтық жеңілдіктер жайында айтты.

Өз баяндамасында, тақырыпқа қатысты, Роза Сейлханова келесіні мәлім етті:

«Елбасы айтқандай: «Жа-рия ету – бұл соңғы мүмкіншілік, осыдан кейін ешқандай жеңілдіктер болмайды. Жария ету – бұл жалпыға бірдей декларацияны енгізу алдындағы соңғы мүмкіндік».

Өз алдына, заң, біріншіден, шет елдегі шоттар бойынша мәліметті жасырғаны үшін әкімшілік жазаның қатаңдауын ұйғарады, екіншіден, шет елдегі мүлікті міндетті түрде декларациялау.

Демекші, мемлекеттік қызметшілер мен ұлттық компаниялардың қызметкерлері келесі жылдың басынан бастап мүліктерін декларациялай бастайды. Жалпыға бірдей декларацияға көшудің негізгі мақсаты - сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімділігін арттыру, көлеңкелі экономиканың

белсенділігін төмендету, сондай-ақ, азаматтардың өмір сүру деңгейінің толық көрінісін алу.

Өзірше, 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін әр қайсымызда өз мүлкімізді, бағалы қағаздарды және ақшаны заңдастыруға уақыт бар. Сондай-ақ, бұл жарна тұрғын үй, оған жалғастыра құрылыстар салған, заңсыз иелікте сая-жай үйлері, гараждары бар жеке тұлғаларға арналған.

Мемлекет қолдап, мүмкіндік беріп отырғанда осы мүмкіншілікті пайдалану қажет, өйткені, мысалға, маңызды сомаға алынған, сіздің қаржылық есептеріңізде көрсетілмеген мүлікті анықтаса, сізбен сәйкес органдар айналысатын болады. Онда айыппұлсыз болмайды. Бүгінде, егер декларация табыс етуге міндеті бар азамат қандай да бір мүлікті жасырып қалса, онда бірінші айыппұл жыл ағымында 250 АЕК құрайды. Егерде тағы да бір дерек анықталса, мысалға, ақшадан басқа қандай да бір жылжымайтын мүлікті декларацияда көрсетпесе, онда әкімшілік айыппұл сомасы екі есеге көбейеді, және 500 АЕК құрайтын болады. Бірақ, азамат оның барлығын заңды түрде келгенін дәлелдей алса, әрине, ондай адамға жария ету қажет емес. Жария ету салық салудан бір нәрсені жасыруға негізі барларға керек.

Осылайша, жалпыға бірдей декларацияны енгізген соң, фискалды органдарда субъектінің қандай да бір мүлкінің пайда болу табиғатының заңдылығы жөнінде сұрақтар туындауы үшін, облыстың азаматтарына қазір ойланп, қажет болған жағдайда кідіртпей жария ету процедурасын пайдалану қажет».

ШҚО ішкі саясат басқармасы.

Бала тууына берілетін жәрдемақыны бір ғана өтінішпен рәсімдеуге болады

Бала өмірге келген сәттен бастап ата-анасының бірі біржолғы жәрдемақы алуға және бір жасқа толғанға дейінгі бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемдерге қақысы бар. Енді бұл жәрдемақыларды «Азаматтарға арналған» мемлекеттік корпорациясының фронт-офистерінде электрондық үкімет порталы арқылы бір ғана өтініш беріп рәсімдеуге болады.

«Азаматтарға арналған» мемлекеттік корпорацияның филиалы Катонқарағай аудандық бөлімшесінің бастығы М.Тлеубаевтың айтуынша, ата-ананың электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда, «Connection point» өз өзіне қызмет көрсету секторларында немесе үйде отырып-ақ аталған жәрдемақыларға өтініш беруге болады. Электрондық үкімет порталы арқылы берілген өтініш жәрдемақы тағайындау тура-

лы шешім қабылдайтын Зейнетақы төлеу жөніндегі орталыққа автоматты түрде жіберіледі. Бұрын бұл қызметті алу үшін азаматтар аталмыш жәрдемақыларды тағайындауға қатысатын барлық мемлекеттік органдарға өзі баруы қажет болатын.

Бір жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемдерді өз бетінше формула арқылы есептеуге де болады. Ай сайынғы төлем көлемі соңғы 24 айдағы орташа айлық кірісті 0,4 - кірісті алмастыру коэффициентіне көбейту арқылы анықталады. Мысалы, соңғы екі жылдағы орташа айлық табысыңыз 60 мың теңгені құраса, онда ай сайынғы төлем көлемі 24 мың теңгені құрайды. Ал жұмыссыз аналарға төленетін ай сайынғы әлеуметтік төлем мөлшері бірінші бала үшін 5,76 АЭК, екінші бала үшін 6,81 АЕК, үшінші бала үшін

7,85 АЕК және төртінші бала үшін 8,90 АЕК-ті құрайды. 2016 жылы біржолғы жәрдемақы көлемі бірінші, екінші және үшінші балалар үшін 31,41 АЕК және төртінші бала үшін 52,35 АЕК-ті құрайды.

Жыл басынан бері мемлекеттік корпорация арқылы Катонқарағай ауданы азаматтары үшін үкімет бала тууына байланысты 175-тен астам жәрдемақы мен бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлемдер тағайындады, оның ішінде электрондық үкімет порталы арқылы жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер әлі тағайындалған жоқ.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ
баспасөз қызметі.

Тұрақты комиссияның көшпелі отырысы

Катонқарағай аудандық мәслихатының депутаттық өкілеттіктер, әдеп және заңдылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының 2015 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес, 2016 жылғы 29 шілдеде Үлкен Нарын ауылдық округінде «Құқықбұзушылықтың алдын-алу және қылмысқа қарсы күрес шараларының іске асырылуы жайлы» мәселе бойынша Үлкен Нарын ауылында көшпелі

Әбенев Қанат қосымша баяндама жасады. Баяндамашыларға көптеген сұрақтар қойылып, оларға жауаптар берілді.

Баяндамашы аудандық ішкі істер бөлімінің участкелік инспекторларына және көмелетке толмағандар ісі инспекторларына көмекшілер және көлік, радиостанциялардың қажет екендігін атап айтты.

Депутаттар ауылдық округтің



отырыс өткізілді.

Отырысқа аталған комиссия мүшелерінен басқа аудандық мәслихаттың депутаттары, ауылдық округ аумағындағы мектеп директорлары, директорлардың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, ақсақалдар алқасының мүшесі, аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері қатысты.

Осы мәселе бойынша ауылдық округтің әкімі А.Ахметов баяндама жасады. Үлкен Нарын ауылдық округі бойынша жергілікті полиция бастығының міндетін атқарушы, полиция майоры

құқықбұзушылықтың алдын-алу және қылмысқа қарсы күрес бойынша жүргізілетін жұмыстарын жақсарту үшін сарбаздар санын арттыру, ауыл жастарының бос уақытын тиімді ұйымдастыру, ішімдік пен темекі сату ережелерін сақтау, участкелік инспектор мен заң қызметкерлеріне мектеп-термен байланысты жақсарту туралы ұсыныстар жасады. Отырыс соңында комиссия қаулы қабылдады.

Аудандық мәслихат аппараты.

VI шақырылған Катонқарағай аудандық мәслихатының III сессиясының 2016 жылғы 17 маусымдағы №3/26-VI шешімі

«Катонқарағай ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 22/157-V шешіміне толықтыру енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-3 тармағына, «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына, «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі № 215 қаулысына сәйкес, Катонқарағай ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Катонқарағай аудандық мәслихатының «Катонқарағай ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 22/157-V (нормативтік құқықтық актілердің 2014 жылғы 20 қаңтардағы мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3328 нөмірмен тіркелген, 2015 жылғы 23 мамырдағы № 39 (7728) «Арай» газетінде жарияланған) шешіміне толықтыру енгізілсін:

- аталған шешіммен бекітілген Катонқарағай ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасында:

1-бөлімнің 1- тармағы келесі мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

«11) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, «Бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға»;

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді.

Сессия төрағасы
Аудандық мәслихаттың хатшысы

В.Малахов
Д.Бралинов

Нормативтік-құқықтық акт 2016 жылғы 13 шілдеде нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4603 болып енгізілді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, КОНКУРС!

«Катонқарағай ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі бос лауазымға орналасуға КОНКУРС жариялайды.

«В.И.Ленин атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 1 бірлік, «Оралхан Бөкей атындағы Белқарағай орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 1 бірлік, «Әбдікерім атындағы Шыңғыстай орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 1 бірлік, «Коробиха орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 1 бірлік, «Примор негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 1 бірлік, «Мойылды негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 1 бірлік және «Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына – 1 бірлік, (G-4 санаты бойынша) (мектеп директорлары) лауазымдық жалақысы еңбек еткен жылдарына байланысты 81627-90255 теңгені құрайды.

Функционалдық міндеттері: Білім беру ұйымының қызметін оның жарғысына және басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес басқарады. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын педагогикалық және әдістемелік кеңеспен бірлесе отырып, іске асыруды ұйымдастырады. Жұмыс жоспарын, бағдарламалар мен жұмыс жоспарларын бекітеді. Бекітілген учаскедегі балаларды жалпыға міндетті оқытумен қамтамасыз ету заңына сәйкес жалпыға міндетті оқытумен қамтамасыз етеді. Оқу-тәрбие процесінің ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын ұйымдастырады және жетілдіреді. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың дамуын қамтамасыз етеді. Педагогикалық ұйымдар, әдістемелік бірлестіктер, балалар ұйымдары қызметіне ықпал етеді. Білім беру құқығы лицензиясына сәйкес оқушылар, тәрбиеленушілер контингентін қалыптастырады, оқушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың арасынан шыққан тәрбиеленушілердің заңды құқығы мен мүдделерін (жеке, мүлктік, баспаналық, еңбек және басқа да) қорғайды, олардың туысқандық байланысын қолдай отырып, оларға жағдай жасайды. Тәрбиеленушілер мен білім алушыларды асырап бағу үшін белгіленген мөлшерден кем емес жағдаймен қамтамасыз етеді. Оқу-тәрбие процесі кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және білім беру тәрбие процесі кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және білім беру ұйымы қызметкерлері өмірлерінің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауға қажетті жағдай жасайды. Оқушыларды қорғау және олардың денсаулығын нығайту мақсатында тамақтану және медициналық қызмет көрсету жұмысын ұйымдастырады және оған бақылау жүргізледі. Белгіленген заңнама шегінде білім беру ұйымының мүлкі мен құралдарына басшылық етеді, жыл сайын құрылтайшылардан қаржылық және материалдық қаражаттың түсуі және жұмсалыуы туралы есебін береді.

Нормативтік талаптарға сәйкес есеп жүргізіп, оқу-материалдық базаның сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі ережесін, санитарлық-гигиеналық режимді, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігін сақтау үшін жауап береді.

Педагог кадрларды және қосымша қызметшілерді іріктеуді және жұмысқа тартуды жүзеге асырады, басқару құрылымын, қызметкерлердің штаттық кестесін, лауазымдық нұсқаулығын бекітеді, олардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды. Педагогикалық кеңесті басқарады. Белгіленген тәртіп бойынша қызметкерлерді аттестаттау жүргізеді. Қызмет барысында айырықша көзге түскен оқытушылар мен білім беру ұйымдары қызметкерлерін өзінің құзыретіне қарай марапаттауға және көтемелеуге ұсынады және өз құзыретінің аясында жаза белгілейді.

Жұртшылықпен, ата-аналармен (немесе оларды алмастырушылармен) байланысты жүзеге асырады. Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда білім беру ұйымын танытқы, қажетті есеп қаражаттарын дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Білуге міндетті: ҚР Конституциясын, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын-алу туралы», Заңдарын және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік-құқықтық актілерді; педагогика мен психология негіздерін; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын; педагогиканы, педагогикалық психологияны, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін; менеджмент негіздерін, қаржы-шаруашылық қызмет туралы заңнамаларды; еңбек туралы, еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғандық ережелері мен нормаларын; санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білім және білім беру ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл, оның ішінде басқарушылық қызметте кемінде 1 жыл болуы тиіс. Құжаттарды толығымен нотариалды куәләндырылған (жеке бас куәлігі, білімі туралы құжат көшірмесі, еңбек кітапшасының көшірмесі, өтініші, өзінде бар бірінші немесе жоғары біліктілік санатының куәлігі), бұрынғы жұмыс орнынан мінездеме, медициналық куәләндырудан өтуі туралы, сотты болмағандығы туралы және мекен-жай анықтамаларын ұсынуы қажет.

Бос лауазым бойынша конкурс қатысқысы келген үміткер қажетті құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру ресми басылымға (аудандық «Арай-Луч» газеті) жарияланған сәттен бастап, 15 жұмыс күні ішінде мына мекен-жайға өткізуі тиіс: **070900 Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Шулятиков көшесі, 66 үй, «Катонқарағай ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі. Анықтама телефоны 2-14-40.**

ЕСКЕ АЛУ

Катонқарағай ауылының тұрғыны болған аяулы анамыз **НҰРЖҰПАР ҚАЙЫРДОЛДАҚЫЗЫНЫҢ** бақилық болғанына 40 күн толуына орай зор сағынышпен еске аламыз. Ардақты анамыз немере-шөберелеріне асыл әже, ауылдастары, туған-туысқандары арасында сыйлы қария болған еді.

Сағындық мейірімді көздеріңді, Жайдары едің, жайсаң едің өмірде,
Сағындық өнегелі сөздеріңді. Кете бардың... қаяу түсті көңілге.
Еске алып отырады ұрпақтарың, Құран оқып, бір Алладан тілейміз,
Аман-сау жүрген кездеріңді. Жаның, Ана, болғай жұмақ төрінде...

Тамыздың 9-шы жұлдызында сағат 12.00-де Катонқарағай ауылындағы қатымханада анамыздың рухына құран бағышталып, ас беріледі. Асқа барлық ауылдастарымызды, құда-жекжаттарымызды, туған-туысқандарды шақырамыз.

Еске алып, асқа шақырушылар: **Нығметовтар отбасы.**

«МЕКТЕПKE ЖОЛ» АКЦИЯСЫ**Көмек көрсетуге асығыңыздар!**

ҚР Білім және ғылым министрлігі 2016 жылғы 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін «Мектепке жол» дәстүрлі жалпыреспубликалық қайырымдылық акциясының өткізілуін жариялайды.

Ағымдағы жылы Министрліктің әлеуметтік бағыттағы бұл бастамасы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25-жылдығына орай «Бақытты балалық шақ мекені» ұранымен өткізілуде.

Акция мақсаты – аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша

балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету.

Осыған байланысты, материалдық жағынан мұқтаж балалардың өмірі алаңдататын Катонқарағай ауданының шаруа қожалықтарының басшылары мен жеке кәсіпкерлерін және азаматтарды осы балалардың мектепке баруын қамтамасыз етуде материалдық көмек көрсетуге үлес қосыңыздар. Катонқарағай ауданының білім дене шынықтыру және спорт бөлімінің байланыс телефоны 2-90-55.

Аудандық білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі.

АКЦИЯ!!!

«Мир книг» канцеляриялық дүкенінде 10000 теңгеден астам сомаға мектеп құрал-жабдықтарын алғандарға **20 пайыз** жеңілдік жасалады!

Мекен-жайы: Үлкен Нарын а. Маяковский к-сі, 31. Огнев көшесінің қиылысында, «Болашақ» дүкеніне қарама-қарсы.

Телефон: 87476865191.

«Белқарағай ауылдық округі» әкімі аппаратына қызметтік жеңіл автокөлік жүргізушісі қажет. Еңбекақысы санатына байланысты 40880-47074 теңге аралығында.

Байланыс телефоны: 872342-24-3-24, 872342-24-3-14.

Мекен -жайы: Белқарағай ауылы, С.Жүнісов көшесі, 42.

«Оралхан Бөкей атындағы Белқарағай орта мектебі» КММ-не 2016-17 оқу жылына төмендегідей педагог мамандар қажет:

- психолог – 1,0 бірлік (декреттік демалыстағы қызметкердің орнына)

- менеджер – 1,0 бірлік;

- биология пәнінің мұғалімі – еңбек жүктемесі – 10 сағат (декреттік демалыстағы қызметкердің орнына);

- химия пәнінің мұғалімі – еңбек жүктемесі – 6 сағат;

- математика пәнінің мұғалімі- еңбек жүктемесі – 5 сағат;

- бейнелеу өнері, сызу пәндерінің мұғалімі – еңбек жүктемесі – 8 сағат;

- тарих пәнінің мұғалімі – еңбек жүктемесі – 19 сағат;

- бастауыш сынып мұғалімі (1 сынып) – еңбек жүктемесі – 18 сағат.

Қойылатын талап: Арнайы жоғары педагогикалық білімі болуы қажет. **24-3-66** телефонына хабарласуға болады.

«Аршаты орта мектебі» КММ-не 2016-17 оқу жылына төмендегідей мамандар қажет.

- математика пәні мұғалімі 17 сағат;

- ағылшын тілі пәні мұғалімі 20 сағат;

- қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі 6 сағат;

- информатика пәні мұғалімі 7 сағат;

- электрик- оператор 3 бірлік.

Қойылатын талаптар: мамандығы бойынша арнаулы орта немесе жоғары білімі болуы қажет.

Үй сатылады. Бау-бақшалық жері, моншасы, шаруашылық құрылыстарын салуға қажетті үлкен жері бар. Мал жаюға қолайлы жерде орналасқан.

Мекен-жайы: Үлкен Нарын а., Рыков к-сі, 4 үй.

Кешкі 18.00-ден соң 2-17-18 телефонына хабарласуға болады.

3 бөлмелі пәтер сатылады. Орталықтандырылған су жүйесіне қосылған, санитарлық тораптары бар, жөндеу жұмыстары жүргізілген. Бағасы келісім бойынша.

Мекен-жайы: Үлкен Нарын а., Сіләмов к-сі, 144 үй, 3 пәтер (2-ші қабатта). Тел. 87711782491.

MT3-80 тракторын сатамын. ТЖЖ, жер жыртатын, шөп шабатын құралдары, тіркемесі бар. Бағасы келісім бойынша.
Тел. 8(72342) 2-08-23.

Алтынбел ауылында 4 бөлмелі ағаш үй сатылады, жағдайы жақсы. Барлық шаруашылық құрылыстары, жылытылатын екі бөлмелі ас үйі, моншасы, қора-қопсысы бар. Ауласында қолмен және электр қуатымен жұмыс істейтін су құдықтары, арықпен суарылатын үлкен бау-бақшалық жері бар.

Мал ұстауға қолайлы, Нарын өзеніне жақын.

Телефондар: 2-90-60; 2-91-45; 87027916672; 87754017993.

Катонқарағай ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұжымы Зәріпов Олжас Тоқтағанұлына әкесі **Тоқтаған Зәріпұлының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Меншік иесі «Шығыс Ақпарат» ЖШС-і. Директоры М.Ә.Белдекбаев	Компьютерлік беттеу операторы: Жайдары Нұрғазина Газет немірі бойынша кезекші: Нұрзада Исабаева	Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, 04. 05. 2015 жылы № 15348-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» компьютерлік цехында теріліп, беттелді. Мекенжайы: 070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет “Шығыс - Ақпарат” ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 12. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.
Катонқарағай ауданы бойынша «Шығыс Ақпарат» ЖШС-нің бөлімі «Арай» - «Луч» газеті Бас редактор Жомарт Жақыпов	Телефондар: Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60, Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79. Бухгалтер - 2-19-96. Компьютер цехы (факс) - 2-14-60. Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71. Мекен-жайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. e-mail: arai-luch@mail. ru	Газет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады. Офсетті басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Индексі: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352. Нөмірдің таралымы - 2463 дана: «Арай»-1430, «Луч»-1033. № 7820